

Әлеуметтік педагогтің қыркүйек айына жасалған жұмыстарының талдауы.

2024-2025 оқу жылына арналған әлеуметтік педагогтер жұмыс жоспарын жасап бекітілді.

2024-2025 оқу жылына мектептегі әлеуметтік педагогтың алдына қойған негізгі мақсаты:

Оқушыларға тәрбие мен білім беру, оларды әлеуметтік қорғау, қамтамасыз ету.

Міндеті: 1. Оқушылардың қызығушылықтар мен қажеттіліктерін, кездесетін қиындықтар мен мәселелерді, тәртібіндегі олқылықтарды, әлеуметтік ортаға бейімділігі және әлеуметтік қорғау деңгейін анықтау;

2. Әлеуметтік көмек пен қорғаншылықты қажеттететін оқушыларға уақытымен әлеуметтік көмек көрсету;

3. Оқушылар мен отбасы, орта, әлеуметтік қызметтерімен байланыста болу;


4. Оқушылардың құқықтары мен тұлғабостандығын қорғау;

5. Оқушылардың мектепте, жанұясында, қоршаған ортада тұлғасына қауіпсіздікпен психологиялық жайлы жағдай жасауына көмектесу;

Алдыға қойған мақсат пен міндеттерді орындау мақсатында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу бағыты бойынша: -Тамыз-қыркүйек айларында жаппай оқу айлығы бойынша мектеп оқушыларының ішінде аз қамтылған, көпбалалы, жетім, әлеуметтік көмек алатын білім алушыларды анықтау жұмыстары жүргізілді. Тамыз және қыркүйек айында осы анықталған әлеуметтік жағдайлары бар білім алушылардың үйлері араланып зерттеу актілері жасалды. Сонымен қатар мектептің әлеуметтік паспорты дайындалды. Тамыз-қыркүйек айларында дәстүрлі республикалық «Мектепке жол» акциясы өткізілді.

Акцияның мақсаты жетім балалармен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және көп балалы отбасылардан шыққан отбасы балаларын қолдау болып саналады. Тамыз айында Теректі мектеп – балабақшасында оқитын оқушылардың тұрмыс жағдайлары зерттеліп мектептің әлеуметтік паспорты жасалынды. Оқу жылының басында мектептегі контингент -137 оқушы. Толық отбасы - 126 оқушы. Толық емес -11 оқушы. Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушы -1. Тамыз- қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы №64 қаулысына сәйкес Теректі мектеп- балабақшасы КММ 1-11 білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне қаржылық және материалдық көмек көрсету жөніндегі отырысында алқалық шешімінің қорытындысы нәтижесінде 2024 жылдың 6 тамыздағы хаттамасына сәйкес және мәртебесін растайтын құжаттары яғни жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 1 оқушы және алқалық шешім бойынша – 18 оқушы, барлығы 19 оқушыға қаржылай көмек көрсетілді. Мектеп асханасынан бастауыш сынып 59 оқушы және жетім 1 оқушы тегін және жеңілдетілген ыстық тамақ ұйымдастырылды. II. Бала құқығын қорғау жұмысы бойынша: Қазан айында оқушылардың әлеуметтік ортасын диагностикалау және отбасын анықтау мақсатында мектеп психологі мен бірге сауалнамалық сұрақтар алу ұйымдастырылды.

Әлеуметтік педагог:  Л.Ж.Егешова